

**№2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасының қамқоршылық кеңес мүшелері
отырысының №2 хаттамасынан көшірме**

Алға қаласы

26.12.2025 жыл

Өткізілетін орны: №2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасы

Қатысушылар: Балабақша меңгерушісі, қамқоршылық кеңес отырысының мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу.
2. Мемлекеттік сатып алу жоспарын веб порталға орналастыру.
3. 2026 жылға қаржыны жоспарлау іс –шараларын бақылау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18-қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа іс қимыл туралы» Заң талаптарын қатаң сақтау туралы мәселе қозғалды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында білім беру мекемелерінде ақша жинауға тыйым салу, Сыбайлас жемқорлықтың белгілері орын алған жағдайда, Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің сенім телефонына қоңырау шалу керектігі айтылды. Білім беру мекеме басшысы жауапқа тартылатындығы ескертілді. Сонымен қатар білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау аттестациясы аяқталған соң, мемлекеттік аттестаттау комиссиясына бір ай бұрын мерзімде құжаттар жеткізу қажеттілігін атап өтті. Егер мерзімінен кешіккен жағдайда аттестатталмады деп есептелінеді. Комиссия мүшелері арасында және балабақша ұжым арасында түсіндірме жұмыстары жоспарлы түрде жиі жүргізіліп отырады. Сыбайлас жемқорлық фактылары анықталған жағдайда мекеменің, Алға аудандық білім бөлімінің, Ақтөбе облыстық білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің, облыстық білім басқармасының сенім телефондары ата-аналарға және мекеме қызметкерлеріне қол жетімді жерде орналастырылған. Сыбайлас жемқорлық, заң бұзушылық факторлары анықталған жағдайда мектепке дейінгі ұйым басшысына тікелей қоңырау шалу линиясы жұмыс жасайды. Жеке және заңды тұлғалардың арыздары мен шағымдарына арналған сенім жәшіктері оңтайлы орынға орналастырылған.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Бекешова Диана күн тәртібіндегі мәселе бойынша 2026 жылы қызмет, жұмыс, тауарларды мемлекеттік сатып алуды веб порталға жылдық жоспарды орналастыру туралы мәселе қозғалды. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 –V «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының 5 бабы, 2 тармағына сәйкес 5 жұмыс күн ішінде орналасытыру қажет. Мекемеге бөлінетін қаржы мемлекеттік тапсырыс бойынша бала саны 75 жобалық қуатпен берілген. 2025 жылдың қаңтар айында №3


«Қызметкерлердің еңбек өтілін есептеу туралы» бұйрығы бекітіліп, педагогтер мен қызметкерлердің айлық ақысы қайта жаңа тарифтік жүйемен есептеліп, жаңартылған. Балабақшаға көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар көлемі анықталып, мемлекеттік веб порталына жарияланып, жеңімпаздары анықталып олармен 1 жылға келісім шарт жасалған.

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары күшейтілсін;
2. Мекеме қаржысы нысаналы жұмсалудың басты назарға алу;

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Кеңес хатшысы:



А.Алданова

А.Қолдауова